

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ  
«Х.ДОСМҰХАМЕДОВ АТЫНДАҒЫ АТЫРАУ УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ

Ә.КЕКІЛБАЕВ АТЫНДАҒЫ ӘДЕБИЕТТАНУ ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ ОРТАЛЫҒЫ

**"БЕКТЕМІН"**

Академиялық мәселелер  
жөніндегі проректор

 К.М.Утепкалиева

" 6 " 22 06 2021 ж.

**Ә.КЕКІЛБАЕВ АТЫНДАҒЫ ӘДЕБИЕТТАНУ  
ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ ОРТАЛЫҒЫНЫҢ  
ҚЫЗМЕТІ ТУРАЛЫ  
2021 жылғы  
ЕСЕП**

Ә.Кекілбаев атындағы әдебиеттану  
ғылыми-зерттеу орталығының  
директоры, филология ғылымдарының  
докторы, профессор

 Қ.Ө.Жүсіп

Атырау, 2021

**1. Мамандандырылған бөлмелермен және жабдықтармен қамтамасыз етілуі:**

Зертхана ауданы 56 ш. м. бөлмені алады.  
 Зертхананың құрылған жылы: 2016 ж  
 Зертхананың материалдық-техникалық базасы:

№	Жабдықтың атауы	Жабдықтың қолдану мақсаты	Жабдықтың шығарылған жылы
1	Жазу столы	Ғылыми дәрістер алуға келгендер үшін	2016
2	Шкаф	Ғылыми еңбектер және әдебиеттер қойылуы үшін	2016
3	Отырғыштар	Ғылыми дәрістер, кеңестер алуға келгендер үшін	2016
4	Компьютер	Ғылыми еңбектерді: мақалалар, монографияларды жариялау үшін	ескі
5	Компьютер столы	Лаборанттың орны	ескі

Орталық қызметінің негізгі мақсаты: әдебиеттану зерттеу жұмыстарын жүргізу  
 Ғылыми қызметтің негізгі бағыттары:

1. Ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізуге жас ғалымдарды тәрбиелеу
2. Зерттеу жұмыстарын баспасөз беттеріне жариялау  
*(1 қосымша)*

**2. Орталық қызметкерлерінің штаттық саны**

**Штаттық саны:** соның ішінде: 1 ғылым докторы, 1 лаборант, *(2-қосымша)*.

Жылдар	Қызметкерлер саны	(Ғылым докторы)/ магистр	Ер/ әйел	35 жасқа дейін	36 жастан 55 жасқа дейін	56 жастан 70 жасқа дейін және одан жоғары
2021	2	1/1	1/1	0	1	1

**3. Қаржыландыруға арналған конкурстарға қатысу (өтінімдердің жалпы саны, оның ішінде ұтып алынған)**

жоқ  
*(3 қосымша)*

**4. ҒЗЖ қаржыландыру көлемі барлығы 157410,12 мың тг., соның ішінде:**

а) Базалық және / немесе университеттік қаржыландыру (штаттық қызметкерлерді ұстауға, жалақыны қоса алғанда) – 157410,12 мың тг.  
*(3,4 қосымша)*

**5. Орталық аккредитациясының/лицензиясының болуы:**

Болған жоқ  
*(5 қосымша)*

**6. Орталық базасында ғылыми кадрларды даярлау, зертхана базасында біліктілікті арттыру**

Болған жоқ  
*(6 қосымша)*

7. **Орталық қызметкерлерінің біліктілігін арттыру**

Болған жоқ  
(7 қосымша)

8. **2021 жылғы жарияланымдар:**

- 12 мақала жарияланған, оның ішінде: Отандық журналдарда 4 мақала, 5 мақала республикалық және жергілікті газеттерде, 3 мақала әр түрлі жинақтарда, 2 монография.  
(8 қосымша)

9. **Халықаралық серіктестік, шетелдік ғалымдарды бірлескен зерттеулерді іске асыруға тарту**

жоқ

10. **Университет тарапынан орталықтың дамуына қосқан үлесі, жалпы сомасы**

№	Аспаптар, жабдықтар және жиынтықтаушылар	Техникалық сипаттама	Сомасы, мың. тг
	-	-	-
<b>Барлығы</b>			

Жоқ

11. **SWOT – анализ**

<b>МЫҚТЫ ЖАҚТАРЫ</b>	<b>ӘЛСІЗ ЖАҚТАРЫ</b>
<b>МҮМКІНДІКТЕРІ</b>	<b>ҚАУІПТЕР</b>
1. Ғылыми конференциялар өткізіледі. 2. Ғылыми еңбектер дайындалады. 3. Магистранттар мен дипломанттарға жетекшілік етеді.	1. Дайындалған ғылыми еңбектер баспадан шықпай қала ма деген қауіп бар. 2. Университет компьютермен және жазу құралдарымен қамтамасыз етпей қалады деген қауіп бар.
<b>АРТЫҚШЫЛЫҚТАРЫ</b>	<b>КЕМШІЛІКТЕРІ</b>
1. Ғылыми конференциялар белгіленген мезгілде өткізіледі. 2. Ғылыми еңбектер дайындап қойды. 3. Магистрлік диссертациялар жақсы жазылып, сәтті қорғалады.	1. Ғылыми-зерттеу орталығына штат қосылмайды. 2. Шетел ғылыми орталықтарымен, университеттерімен байланыс жоқ.

## 12. Келесі 2022 жылға арналған ЖОСПАРЛАР:

1. Академик-жазушы Зейнолла Қабдоловтың 95 жылдығына арналған халықаралық конференция өткізіледі. Уақыты: 2022 жылғы желтоқсан айы.
2. «Әбіш Кекілбаевтың поэзиясы» атты монография дайындалады.
3. Ғылыми мақалалар жазылып, баспаларда жарияланады.

## 13. Қосымша ақпарат (9 қосымша)

### I. Ғылыми ізденістер және ғылыми ұйымдастыру жұмыстары.

Ғылыми-зерттеу орталығында зерттеу жұмыстары жүргізіліп, «Әбіш прозасының шалқар сыры» атты Әбіш Кекілбаев шығармашылығына арналған бір монография, биылғы жылы туғанына 100 жыл толуы аталып өтпекші, Атырау облысының ақыны Сембай Бердімұратов шығармашылығына арналған «Сембай Бердімұратовтың ақыедығы» атты монография дайындалды.

Сонымен қатар айтыскер ақын Жәниба Қарасаеваның шығармашылығына арналған «Сырлы жүрек пернесі» атты монография басылып шықты. Ал «Әбіш Кекілбаев прозасының шалқар сыры», «Сембай Бердімұратовтың ақындығы» атты монография жаз айларында бірі – «Болат Медиа» баспасынан (Алматы), екіншісі – «Ағатай» баспасынан шығады.

Бұған қосымша айтарымыз – ғылыми орталықтың дайындауымен, ғылыми орталықтың директоры Қадыр Жүсіп редакторлығымен 2020 жылдан шыға бастаған «Махамбет» атты журналдың 6 саны, биылғы 2021 жылдың басынан шыға бастаған «Жүмекен» атты журналдың екі саны да Қадыр Жүсіптің редакторлығымен шықты. Жылдың аяғына дейін екі журналдың екі-екіден сандары шығады.

Ғылыми орталық бұдан басқа орталық директорының мақалалар жинақтарын дайындауда. Екеуі де, негізінен, әдебиеттануға арналған.

### II. Республикалық және халықаралық конференцияларға қатысу

Ақын Хамит Ергалиевтің туғанына 105 жылдығына арналған конференция өткізу. Қазан, 2021 жыл.

### III. Баспа мен журналдар, электрондық БАҚ-та жарияланымдар

1. Қ.Ө.Жүсіп «Ақындық өнер тағындағы тұлға» (Жүмекен Нәжімеденов ақындығы) хақындағы мақала», республикалық «Үш қоңыр» газеті, №1, 8 қаңтар 2021 ж.)
2. Қ.Ө.Жүсіп Мемлекеттік тілді білу – міндет (мақала) республикалық «Сарайшық» журналы, №2, ақпан 2021ж. 1 – 3 беттер.
3. Қ.Ө.Жүсіп «Өзі болған баһадүр» (мақала) Төкен Танаұлының 80 жылдығына арналған жинақта жарияланды.
4. Қ.Ө.Жүсіп Парасат өлшемі (ұлағатты ұстаз Баянсұлу Ходасқызының 70 жасқа толуына арналған мақала) Обыстық «Атырау» газеті №9, ақпан 2021 ж. 8-бет.
5. Қ.Ө.Жүсіп «Шұғылалы білім академигі» (Педагог-ғалым Есет Қаженбайұлының 90 жылдығына арналған мақала) Облыстық «Атырау» газеті.
6. Қ.Ө.Жүсіп «Қайроштың прототипі» («Ғ.Мүсіреповтің бас кейіпкері Қайроштың прототипі болған Советтер Одағының батыры Қайырғали Смағұлов туралы») мақала). Республикалық «Қазақ әдебиеті» газеті, 26-27 беттер. №13-14, 2 сәуір, 2021 жыл).
7. Қ.Ө.Жүсіп «Феномен» (композитор Илья Жақанов туралы мақала) «Университет» газеті, №3, мамыр, 2021 ж.
8. Қ.Ө.Жүсіп «Жүмекен Нәжімеденовтың ғұмырнамасы» (мақала) республикалық «Жүмекен» атты әдеби-мәдени журнал №1, 18-21 беттер, 2021 жыл.

9. Қ.Ө.Жүсіп «Зерделі музыка зерттеушісі» (композитор, ғалым, жазушы Илья Жақанов туралы мақала). «Махамбет» әдеби-мәдени, танымдық журнал, №2, 2021 ж. сәуір-маусым, 75-93 беттер.
10. Қ.Ө.Жүсіп «Романс жанрының патшасы», «Махамбет» журналы, №3. 2021 ж.
11. Қ.Ө.Жүсіп «Ғалым - педагог Есет Қаженбайұлы» (Есет Қаженбайұлына арналған жинақ) кітап аты «Парасатты тұлға».
12. Қ.Ө.Жүсіп «Қайран, Мәди» (еске алу мақаласы) Мәдидің рухына арналған еске алу кітабы, 2021ж.

#### IV. Басқа ЖОО орындарымен бірге жасалған ғылыми жұмыстар (байланыстар)

Ақтөбедегі С.Бәйішев атындағы университетте өткен Абай ұлығына арналған конференцияда баяндама жасалды.

С.Бәйішев атындағы университет профессоры М.Миров Көп тілді білім беру факультетінің қазақ тілі мен әдебиеті кафедрасымен ғылыми байланыста болып, магистратурасының мемлекеттік емтиханның қазақ тілі мен әдебиеті, филология бөлімдерінде аттестация комиссиясының төрағасы болды.

Махамбет Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетіндегі «Әдеби өлкетану» ғылыми еңбектерінің тұсаукесерінде сөз сөйленді.

*6 қосымша*

2021 ж. бакалавр тізімі

№	Студенттің АТӘ	Дипломдық жұмысының атауы	Оқу курсы
1	Серікқали Гүлбаушан	«Әбіш Кекілбаев повестерінің көркемдігі»	IV курс (бітірді)

Осы тақырыпта диплом жұмысы қорғалды. Комиссия дипломдық жұмысты жоғары бағалады.

2021 ж. магистранттар тізімі

№	Магистранттың АТӘ	Магистрлік жұмыстың атауы	Оқу курсы
1	Абилова Айша	«М.Ысқақова поэзиясының көркемдігі»	II курс (бітірді)
2	Оралова Эльмира	«Қ.Жұмаділов прозасындағы атамекен тақырыбы»	II курс (бітірді)
3	Ниязбаева Асылдай	«Қ.Мырзабеков поэзиясының көркемдік әлемі»	II курс (бітірді)
4	Елеуова Баян	«Т.Айбергенов және Атырау өңірі ақындарының лирикасы»	II курс (бітірді)
5	Қанатов Парасат	«Қазіргі қазақ прозасындағы өмір концепциясының мәні»	II курс (бітірді)
6	Батыр Гулзира	«Т.Жанаев шығармаларындағы заман шындығы»	II курс (бітірді)
7	Қойшыбаева Жібек	«Ж.Нәжімеденовтің балладаларының көркемдігі»	II курс (бітірді)

Аталмыш магистрлік диссертациялар Қ.Ө.Жүсіптің жетекшілігімен дайындалған, диссертациялар үздік бағаларға ие болды.

ОРТАЛЫҚ ФОТОСЫ (бөлмелер, жабдықтар)









